


Қазақстан Республикасының 2017 жылғы наурыз айындағы қоршаған орта жай-күйі




Атмосфералық ауа ластануының жай-күйі

Атмосфералық ауа ластануының жалпы бағалауы төмендегідей сипатталады:

- *ластанудың өте жоғары класына* (СИ –10-нан аса, ЕЖҚ –50% аса) Ақтөбе, Теміртау, Балқаш, Өскемен қалалары;
- *ластанудың жоғары класына* (СИ - 5-10, ЕЖҚ - 20-49%): Астана, Алматы, Жезқазған, Қарағанды, Петропавл қалалары және Қарабалық, Бейнеу, Глубокое кенттері;
- *ластанудың көтеріңкі деңгейіне* (СИ – 2-4, ЕЖҚ – 1-19%): Тараз, Қаратау, Екібастұз, Шу, Риддер, Семей, Шымкент, Жаңаөзен, Ақсу, Атырау, Талдықорған, Павлодар, Ақтау, қалалары;
- *ластанудың төменгі деңгейіне* (СИ – 0-1, ЕЖҚ – 0%): Ақсай, Кентау, Көкшетау, Степногор, Құлсары, Зырянов, Жаңатас, Орал, Саран, Қостанай, Рудный, Қызылорда, Түркістан қалалары және Сарыбұлақ, Қордай, Березовка, Январцево, Ақай, Төретам кенттері, «Боровое» КФМС және Щучинск-Бурабай курорттық аймағы жатады (1, 2 - сурет).



*Сурет- 1. Қазақстан Республикасы елді мекендерінің
2017 жылғы наурыз айындағы стандартты индекс (СИ) мәні*



*Сурет - 2. Қазақстан Республикасы елді мекендерінің
2017 жылғы наурыз айындағы ең жоғары қайталанғыштық (ЕЖҚ) мәні*

Жер үсті суларының жай-күйі

Барлық су объектілеріне жүргізілген зерттеулерден су сапасы төмендегідей топтастырылады:

- **«нормативті таза»** деңгейде - 5 өзен, 1 теңіз: Жайық (Атырау обл.), Шаронова, Қиғаш, Беріқара, Катта-Бугуңь, Каспий теңізі;

«ластанудың орташа деңгейі» дәрежесіне – 42 өзен, 6 су қоймасы, 6 көл, 3 арна: Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Емел, Жайық (БҚО), Шаған, Деркөл, Елек (БҚО), Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен, Есіл, Нұра, Іле, Текес, Қорғас, Баянкөл, Шілік, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Талас, Асса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау, Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Бөген, Шардара өзендері, Көшім, ағынды сулар арнасы, Нұра-Есіл арналары, Сергевское, Вячеславское, Самарқан, Қапшағай, Құрты, Бартоғай су қоймалары, Сұлтанкелді, Қопа, Зеренді, Сұлукөл, Билікөл көлдері, Арал теңізі;

- **«ластанудың жоғары деңгейі»** дәрежесіне – 16 өзен, 6 көл, 4 су қоймасы: Брекса, Тихая, Глубочанка, Красноярка, Елек (Ақтөбе обл.), Тобыл, Әйет, Тоғызақ, Обаған, Үй, Желқуар, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Беттыбұлақ, Соқыр, Шерубайнұра өзендері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл, Кеңгір су қоймалары, Шалқар, Бурабай, Үлкен Шабақты, Щучье, Кіші Шабақты, Карасье көлдері;


- **"ластанудың өте жоғары деңгейі"** дәрежесіне - 4 өзен: Қара Кеңгір, Үлбі, Қылшақты, Шағалалы өзендері жатады.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуының мәні бойынша төменгідей жіктелген:


– **«ластанудың өте жоғары деңгейі»** дәрежесіне - Билікөл көлі, Сарықау өзені;

- **«ластанудың орташа деңгейі»** дәрежесіне - Шаронова, Қиғаш, Елек (БҚО), Сарыөзен, Желқуар, Сарыбұлақ, Қылшақты, Қара Кеңгір, Талас, Шу өзендері, Шалқар, Сұлукөл көлдері, Жоғарғы Тобыл су қоймасы жатады.

Қазақстан Республикасы су объектілерінің кешенді ластану индексінің өзгеруі



Қазақстан Республикасы су қоймаларының, көлдерінің және су арналарының кешенді ластану индексінің өзгеруі



Радиациялық жай-күйі

Қазақстан Республикасының елді-мекендерінің атмосфералық ауа қабатына орташа тәуліктік радиоактивтілік түсу тығыздығының мәні 0,04-0,28 мкЗв/ч шегінде болды. Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/ч, яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-4,2 Бк/м² шегінде болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Қосымша:

Толығырақ мәліметтер Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және «Қазгидромет» РМК сайттарында енгізілетін ақпараттық бюлетенінде жарияланады.